




Рисунок 2. Пример задачи в CodeCombat

Умение писать программный код и составлять алгоритмы, позволяет ученикам развивать аналитическое мышление, способствует развитию логики, развивает внимательность, память, воображение, креативность. Ученики, научившись строить алгоритм, лучше начинают понимать природу и устройство мира, выстраивают логические цепочки событий и предсказывать результат. Очевидно, что раннее обучение позволяет и раньше раскрыть такие стороны личности ученика, как изобретательность и креативность, а использование онлайн-игр снимает проблему мотивации и заинтересованности. Конечно, научить писать программы для промышленных программных комплексов или систем – это достаточно сложная задача, но изучить базовые понятия и возможности – это задача, которая может быть решена с использованием онлайн-игр.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Gabriela Kiryakova , Nadezhda Angelova , Lina Yordanova. GAMIFICATION IN EDUCATION. 9th International Balkan Education and Science Conference, October 2014, Edirne, https://www.researchgate.net/publication/320234774_GAMIFICATION_IN_EDUCATION
2. Siti Azreena Mubin, Matthew Wee Ann Poh and Azrul Hazri Jantan, Gamification in Programming Language Learning: A Review and Pathway, International Journal of Advanced Research in Engineering and Technology, 11(12), 2020, pp. 1148- 1155
3. CodeCombat [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://codecombat.com/play> (дата обращения: 24.11.2017)
4. Минкин А.В., Старостин В.А. Использование онлайн-игр при изучении программирования // Интернетжурнал «Мир науки», 2018 №4, <https://mir-nauki.com/PDF/62PDMN418.pdf> (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.

ӘОЖ 541.124

<https://doi.org/10.53355/c3825-3326-9082-f>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРЕТІН ПӘНДЕРМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Меңғали Ә.М., 3 курс студенті

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: mengaliyeva00@bk.ru

Мақалада жаңартылған білім беру жүйесіндегі гуманитарлық білім мен тәрбие беретін пәндерді оқыту арқылы оқушыларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу

ерекшеліктері қарастырылады. Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру барысында әдістер мен формалардың дұрыс таңдалуы ұстазға байланыстығы көрсетілген.

Тірек сөздер: жеке тұлға, адамгершілік құндылық, жаңартылған білім беру жүйесі, гуманитарлық пәндер.

В статье рассматриваются особенности воспитания нравственных ценностей учащихся через преподавание предметов гуманитарного образования и воспитания в системе обновленного образования. Показано, что от педагога зависит правильный выбор методов и форм в процессе формирования нравственных ценностей.

Ключевые слова: личность, нравственные ценности, обновленная система образования, гуманитарные дисциплины.

The article discusses the features of the education of moral values of students through the teaching of subjects of humanitarian education and upbringing in the system of updated education. It is shown that the correct choice of methods and forms in the process of forming moral values depends on the teacher.

Key words: personality, moral values, updated education system, humanities.

Барлық заманда адамның ең бірінші адамгершілік құндылықтары жоғары бағаланған.

Адамгершілік құндылықтар жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жауапты. Осы құндылықтар адамның жеке басын, оның басқалармен қарым-қатынасын, мінез-құлқын, оның түсінігін көрсетеді. Адамгершілік құндылықтар жан тыныштығын, тұрақтылықты, жаһандық қоғамға үйлесімділікті әкелуі мүмкін.

Осы кезеңге дейін адамгершілік құндылықтар бірнеше аспектілер бойынша зерттеліп, қарастырылған.

Адамгершілік құндылықтардың философиялық аспектісі бойынша зерттеген ғалымдар В.Брожек, Г.Гегель, О.Г.Дробницкий, А.Г.Здравосмыслов, И.А.Ильин, К.Ясперс, И.Кант, М.С.Каган, В.Н.Сагатов, В.П.Тугарин, Камю. Қарым-қатынас теориясына негізделген адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеудің психологиялық тәсілдері Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, Л.С.Выготский, Н.С.Лейтес, Д.И.Фельдштейн, В.Д.Шадриков зерттеулерінде қарастырылған. Адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеудің педагогикалық аспектісі В.И.Андреев, Е.В.Бондаревская, Н.Е.Барышников, Т.И.Власова, В.А.Караковский, Б.Т.Лихачев, З.И.Васильева, А.С.Макаренко және т.б. педагогтардың зерттеулерінде ашылған. Н.Е.Барышников, И.А.Колесникова, А.И.Селиванова, Е.Н.Степановтардың еңбектерінде оқушылардың құндылықтарын тәрбиелеудегі сынып жетекшісінің рөлі зерттелген болатын[1].

Адамгершілік тәрбие мәселесінің өзектілігі, кем дегенде, төрт позициямен байланысты:

Біріншіден, біздің қоғам тек біліммен шектелген ғана емес, сонымен қатар керемет жеке қасиеттері бар, адамгершілігі жоғары тұлғаларды дайындауды қажет етеді.

Екіншіден, қазіргі уақытта баланың ақыл-ойы мен сезімдеріне, қалыптасып келе жатқан адамгершілік құндылығына әртүрлі әсер ететін факторлар көп.

Үшіншіден, білімнің өзі моральдық тәрбиенің жоғары деңгейіне кепілдік бермейді, өйткені тәрбие-бұл адамның күнделікті мінез-құлқындағы оның басқаларға деген көзқарасын анықтайтын жеке қасиет.

Төртіншіден, моральдық біліммен қаруландыру өте маңызды, өйткені олар баланы қазіргі қоғамда бекітілген мінез-құлық нормалары туралы хабардар етіп қана қоймайды, сонымен қатар нормаларды бұзудың салдары немесе осы әрекеттің айналасындағы адамдар үшін салдары туралы түсінік береді[2].

Адамгершілік құндылықтар түсінігіне келетін болсақ, бірнеше анықтамалар бойынша түсіндіруге болады.

Құндылықтар (адамгершілік) - қоғамның моральдық қатынастарының көріністерінің бірі. Біріншіден, адамның адамгершілік мәні, қадір-қасиеті (адамдар тобы, команда) және оның іс-әрекеттері немесе қоғамдық институттардың адамгершілік сипаттамалары; екіншіден, моральдық сана саласына қатысты құндылықтар-моральдық нормалар, принциптер, идеалдар, жақсылық пен жамандық, әділеттілік, бақыт ұғымдары[3].

Адамгершілік құндылықтар дегеніміз - бұл адамға өзінің адамдық қасиеттері мен қадір-қасиеттерін жетілдіруге ұмтылатын өмір сезімін беретін мінез-құлық, сондықтан кейбір құндылықтарға немесе басқаларға байланысты өмір сүру жеке және еркін шешім болып табылады[4].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы тәрбие бағыттарының ішіндегі рухани-адамгершілік бағыты ең бірінші орынға орналастырған. Біздің ойымызша, адамгершілік құндылық тақырыбы әрбір пәнге қатысты. Мысалға алатын болсақ, бәрімізге белгілі өзін-өзі тану, әдебиет, қазақ тілі, биология, тарих, музыка және т.б. пәндер. Бұл пәндер арқылы ұстаздар балалардың адмгершілік туралы түсінігі мен білімін молайта алады. Жаңартылған білім беру жүйесінде тек қана оқушылар ғана ізденіс үстінде болмай, сонымен қатар ұстаздар да өздерінің біліктіліктерін арттырып отырады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнында, болашақта бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау үшін барлығы қамтылған (Кесте 1).

Кесте 1

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны

Жаңартылған білім беру мазмұны	
Құндылықтар	Практикадан теорияға
Күтілетін нәтижелер, оқу мақсаттары	Пәнаралық байланыс
Дағдыларды дамытуға көңіл бөлу	Үш тілдік саясат
Спиральды оқыту формасы	Оқыту тәсілдері: жүйелік-әрекеттік тәсіл
ҚҰНДЫЛЫҚТАР	
Патриоттылық	Ашықтық
Сыйластық	Ынтымақтастық

Жеке тұлғаны дамытуда адамгершілік құндылықтарды оқыту жеке және әлеуметтік қатынастарды, махаббатты, бейбітшілікті, өзара түсіністіктің ізгі ниетін дамытуға ықпал етуі мүмкін. Жоғары оқу орны оқытушыларының білімгерлерге құндылықтарды сіңірудегі рөлі маңызды болып отыр, өйткені білім беру әлеуметтік және моральдық құндылықтардың өркениеті үшін қуатты құрал болып табылады. Ұстаз өз мінез-құлқында ар-намыс, адалдық, қайырымдылық пен әділеттілік құндылықтарын көрсетуі тиіс. Ұстаз адалдық, ашықтық, шынайылық, зайырлы дүниетаным, ғылыми темперамент, қолбасшылықтың эмоциялық тепе-теңдігі және мейірімділік және позициялық жағымды ойлау сияқты негізгі құндылықтарға ие болуы тиіс. Ұстаз жақсы азамат болудың құқықтары мен міндеттері туралы хабардар болуды арттыруға ұмтылуы тиіс. Ұстаздың тұлғасы оқушыға терең әсер қалдырады. Оқушылар мекемеде өз ұстазымен өзара іс-қимыл жасайды және достық, бауырластық, бейбітшілік және т.б. құндылықтарды түсінеді[5].

Білім беру барысында адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеудің біраз әдістері және өткізілу формалары бар. Және де ол әдістердің тиімді болуы тікелей ұстазға байланысты. Оқушыларға өтілген сабақ, берілген тапсырма немесе мәліметтер оларды қызықтыруы тиіс. Білім беру барысында жаңартылған білім беру жүйесі бойынша мұғалім тек бағыттаушы, ал оқушы ізденіп өзі талаптануы керек. Оқушылардың еңбегінің әділ бағалануы және де құндылықтардың дұрыс қалыптасуы, сабақ жоспарының критерийлері дұрыс қойылуына байланысты. Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға тәрбиелеуге көмектесетін әдістер кестеде көрсетілген (Кесте 2).

Білім беру барысында оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру

Мақсатты компонент	
<i>Мақсат:</i> Биологияны оқыту процесінде оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру	
Мазмұнды және процесстік компонент:	
<i>Міндеттері:</i> Негізгі адамгершілік құндылықтар(санаттар)білімін қалыптастыру; Құндылықтарды интернационализациялау үшін жағдай жасау; Оқушылардың өзіндік қызметін ынталандыру және ұйымдастыру; Құндылықтардың қалыптасу дәрежесін диагностикалау және одан әрі педагогикалық әсерді коррекциялау.	
Негізгі адамгершілік құндылықтарының мәні туралы білім Биологиялық білім, біліктіліктер, дағдылар Метапәндік ұғымдар Философиялық түсініктер	
Нәтижелі компонент	
<i>Әдістер</i> Әңгіме Мысал әдісі Дискуссия Ойын әдісі Проблемалық жағдайлар әдісі	<i>Формалары</i> Сабақ Факультатив(қосымша) Үйірме Интерактивті ойын Экскурсия
<i>Тұлғаның адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру критерийлері</i> - рухани-адамгершілік саладағы хабардарлықтың жоғары деңгейі; - мақсат қою мен іс-әрекеттегі адамгершіліктің жоғары дәрежесі; - тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуының жоғары дәрежесі.	

Қазіргі таңда жас ұрпақ қоғамның және білім беру жүйесінің өзгерісте болуына байланысты күрделі әлеуметтік жағдайда қалыптасып қана қоймай, ол құндылықтардың өзгеруімен және адамдардың гуманистік әлеуетінің төмендеуімен сипатталады. Құндылық апаты болмас үшін жас ұрпаққа барынша үздік тәрбие және білім беру ұстаздардың мақсаты. Апаттың алдын алу үшін, білім беру кеңістігінде оқушылардың адамгершілік құндылықтарын мақсатты түрде қалыптастырудың өзектілігі артып отыр. Бүгінгі таңда балалардың санасының өзгешелігіне байланысты адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға көмектесетін шынайы жолдар ұсынылуы тиіс. Адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына қазіргі заманғы жағдайларға барабар тәсілдер іздестіру керек.

Оқушыларға білім беру барысында біріншіден, адамгершілік құндылық жайында түсінікті қалыптастыру керек. Оған қол жеткізу үшін жаңартылған білім беру бағдарламасында енгізілген әдіс тәсілдерді қолдану қажетті. Спиральды оқыту формасы бойынша қарапайым түсініктерден күрделі ұғымдарға өтуге болады.

Осылайша, оқушыларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу жаңартылған білім беру бағдарламасының аясында жүзеге асады деп санаймыз. Жаңартылған бағдарламаны қолдану барысындағы мұғалімдердің міндеті-оқушыларға негізгі адами нормалар мен моральдарды сіңіру, толеранттылық пен басқа мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет қалыптастыру, жауапты, дені сау баланы тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Акутина С. (2003) Диссертация: Воспитание нравственных ценностей у старшеклассников как направление деятельности классного руководителя в условиях целостного учебно-воспитательного процесса // <https://dodiplom.ru/ready/104688>.
2. Казменко Л. (2016) Исследовательская работа на тему: "Проблемы духовно-нравственного воспитания" // (<https://infourok.ru/issledovatel'skaya-rabota-na-temu-problemi-duhovno-nravstvennogo-vospitaniya-730015.html>).
3. Кон И.Г. Словарь по этике // <http://philosophy.niv.ru/doc/dictionary/ethics/index.htm>
4. ABC анықтамасындағы «Адамгершілік құндылықтардың анықтамасы». 2019 жылдың 11 шілдесінде ABC анықтамасы // <https://kk.warbletoncouncil.org/valores-morales-10606>.
5. Paul R.(2021) Moral Values for Students: A Necessary Part of the Curriculum // <https://soapboxie.com/social-issues/Teaching-Moral-Values-in-School-A-Necessary-Part-of-the-Curriculum>.

ӘОЖ 541.124

<https://doi.org/10.53355/q5587-4455-9855-w>

ЖОО-НЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ЖЕТІСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мырзахметова А.А., 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Наубаева Х.Т., пс.ғ.д., доцент, қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: m.a.ainur@mail.ru

Зерттеудің өзектілігі психологиялық-педагогикалық кадрларды даярлаудың инновациялық технологияларын іздеу қажеттілігімен байланысты. Зерттеу кәсіби өзін-өзі тану процестерін өзектендіруге бағытталған интегративті тәсілге негізделген; болашақ мамандардың даралығын дамыту; кәсіби маңызды қасиеттерді өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту әдістерін игеру; жеке траекторияны құру мәселелері кіріктірілген. Кәсіби және жеке жетістіктердің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу эмоционалды тұрақтылықты, табысты ынталандыруды, қарым-қатынас деңгейін және т.б. анықтауға бағытталған диагностикалық бағдарламаның көмегімен жүзеге асырылды. Зерттеу даралықты қалыптастыру бағытында студенттердің кәсіби және жеке жетістіктерін қалыптастырудың жолдары мен құралдарын анықтауға бағытталған. Мақалада белгілі-бір бағдарлама ұсынылған. Бағдарлама педагог-психолог үшін оқушылардың алуан түрлі қабілеттерін, олардың әмбебап құзыреттерін дамыту маңызды болатынына негізделеді. Бұл бағытта болашақ мамандар ЖОО-да оқып, тәжірибе жинақтауы тиіс екендігі айтылады. Зерттеу болашақ мамандардың кәсіби және жеке жетістіктерін қалыптастыру технологиялары туралы заманауи идеяларды тереңдетеді.

Тірек сөздер: жетістік; кәсіби-тұлғалық жетістік; болашақ педагог-психологтар; жеке білім беру траекториясы.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью поиска инновационных технологий подготовки психолого-педагогических кадров. В основе исследования лежит интегративный подход, направленный на актуализацию процессов профессионального самопознания; развитие индивидуальности будущих специалистов; овладение приемами самосовершенствования и саморазвития профессионально важных качеств; выстраивание индивидуальной траектории. Изучение особенностей формирования профессионально-личностной успешности осуществлялось с помощью диагностической программы, направленной на определение эмоциональной устойчивости, мотивации успеха, уровня